

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

6. Ефремов А.А. Структурные особенности формирования метафорических терминов нефтегазовой отрасли (на материале английского языка) // Вестник Майкопского государственного технологического университета. № 4. 2011. С. 95-98.
7. Serednytsky L. M., Finley R. J. Illustrated English-Russian / Russian-English Petroleum Technology Dictionary. Dallas, Kyiv: Albion Woods Publisher, 1995. 554 p.
8. Petrash-Vaughan M. Illustrated English-Russian / Russian-English Encyclopaedic Dictionary of Exploration and Production Geophysics. Dallas, Albion Woods Publisher, 1997. 309 p.
9. АБВУУ Lingvo x5. Английский язык. Профессиональная версия [Электронный ресурс]. URL: http://www.lingvo.ru/english_professional/thematic-dictionaries/

УДК 81'255

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МӘТІННІҢ СИНТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ахан Гүлнұр Түймебайқызы
akhang@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қызырова Ә.М.

Ресми іс – қағаздар стилінде жай және күрделі сөйлемдердің синтаксистік құрылымының алуан түрлі жүйелері кездеседі, атап айтқанда қарастырылып жатқан жағдаяттардың мақсаты, шарты, себеп-салдары кеңінен қарастырылып барлығы біртұтас тұжырымдаманы қалыптастырады. Бұл сипат дипломатиялық мәтіндерден де көрініс табады. Аударма мәтінінің синтаксистік деңгейде байланысуы етістіктің шақ түрлеріне, стильді сақтау, пунктуация құралдары (қос нүкте, үтірлі нүкте). Аударма барысында мәтіннің мынадай ерекшеліктері орын алады: етістіктің шақ түрлері, тура немесе ауыспалы мағына, себеп-салдарлы байланыстар, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (сөйлемді талдау), етістіктің рай түрлері, модальдылық (сөздің шындыққа қатынасын көрсететін грамматикалық категория, өзгеріс, рай және т. б.). Сонымен қатар, аудармада мынадай стратегиялар қолданылуы мүмкін: эргативті құрылымдардың қолданылуы (есімдер мен етістіктердің синтаксистік өзгеріске ұшырауы), етістердің орын ауыстыруы (әрекеттің объектіге, субъектіге қатынасын білдіретін етістіктің түрі), етістіктердегі синонимдердің қолданылуы, номиналдылық (тілдік белгілер формасының сөз формасына айналуы), экстрапозиция (аудармадағы жалпы есімдіктерді тудыратын бағыныңқы сөйлемдер).

Дипломатиялық мәтіннің композициялық параметрлерін келесідей үлгіде көрсетуге болады:

– Дипломатиялық мәтін екі құрамдас бөлікке бөлінеді (жоғарыда аталып өткен ұйымдастырушы лексикалық элементтер) және дипломатиялық құжаттың негізгі себебі мен салдары, мақсаты көрініс табатын преамбуласы болады;

– Әдетте мұндай құжаттарда бөлініп қойған тақырыпшалар болады (араб немесе рим цифрларымен немесе абзацпен белгіленеді); мәтіннің әрбір мағыналы бөлігі тақырыпшадан тұрады.

Дипломатиялық мәтінге мынадай синтаксистік құрылымдар тән:

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен санап көрсету құрылымы (келісімнің шарты, анықтамасы, тұлғалардың санаттары мен қызмет түрі және т.б.), мысалы:

... This Agreement is supplemented by a Protocol containing provisions on *claims, legal proceedings and indemnification* in respect of claims against *Contributors* and their personnel or contractors subcontractors, consultants suppliers or sub-suppliers of equipment, goods and services at any tier...

Осы Келісім *Қатысушы Тараптар* және олардың қызметкерлеріне немесе мердігерлеріне, қосалқы мердігерге, *кеңесшіге, тасымалдаушыға* немесе жабдықтар, тауар тасымалдайтын, қызмет көрсететін *қосалқы тасымалдаушысына шағымдар, сот істері, материалдық жауапкершіліктен босату бойынша шағымдарына* Хаттаманы қамтиды.

[Framework Agreement on a Multilateral Nuclear Environmental Programme in the Russian Federation – РФ СИМ, 2003]

Берілген аударма үзіндісінде бірыңғай толықтауыштың бірін аудару барысында гиперонимнің модификациясын байқауға болады: *Contributors - Қатысушы Тараптар*

2. Инфинитивті құрылымдар (қосымша ақпарат пен әрекеттің мақсатын жеткізу үшін). Олардың ішінде жиі кездесетіні:

verb + to inf., мысалы: The Security Council...*decides*, consisting with

the above mentioned letter from Charge d'affaires a.i. of Lebanon, *to establish* an international independent investigation Commission;

verb + object + to inf., мысалы: The Security Council... *requests the Secretary-General to consult* urgently with the Lebanese Government...;

verb + adjective + to inf., мысалы: ...an international independent investigation... *would be necessary to elucidate* all aspects of this heinous crime...;

participle I + to inf., мысалы: ...the Parties,...*desiring to facilitate*

practical cooperation *to enhance* the safety of spent fuel and radioactive waste management...

participle II + to inf., мысалы: ...the States Parties,...*determined to*

sustain the key role of the Treaty as the cornerstone of European society...have agreed as follows....

3. Мәтіннің негізгі мағынасын беретін және құрылымы болатын кілттік сөздер, мысалы:

The Republic of Armenia, the Republic of Azerbaijan, ... hereinafter referred to as the States Parties,... Noting the fulfillment of the objective of the original Treaty...,

Have agreed as follows:

Article 1

Армения Республикасы, Әзербайджан Республикасы,... төмендегі аталған қатысушы – мемлекеттер алғашқы Келісімнің қол жеткізілген мақсатын ескере отырып, төмендегілерге келісім жүргізді:

1 Бап

Article IX of the Treaty shall be deleted ... and replaced by the following: “Article IX

Келісімнің IX бабы жойылып... төмендегімен ауыстырылатын болады:

“IX Ban

In case of removal from service by decommissioning...: Қару-жарақ тізімінен сызып тастау арқылы жою жағдайында...; Such conventional armaments...; Мұндай жойылған әдеттегі қару – жарақтар...; The numbers of such decommissioned conventional armaments...Мұндай тізімнен шыққан қару – жарақ саны... Notification of decommissioning shall include...” Тізімнен шығару туралы хабарламада қамтылады:»

[Agreement on Adaptation of the Treaty on Conventional Armaments in Europe – ЕҚЫҰ, 1999]

4. Активті және пассивті құрылым:

...The process of total disarmament and certification, or certification alone, *shall be deemed* completed when the certification procedures set forth in this Section *have been completed* regardless of whether any State Party *exercises* the certification inspection rights..., provided that...no State Party *has notified* all other States Parties that *it considers* that *there is an ambiguity* relating to the certification and reclassification process. In the event of such an ambiguity *being raised*, such reclassification *shall not be deemed complete* until the matter relating to the ambiguity *is resolved*... Толық қарусыздану үдерісі және сертификаттау немесе тек қана сертификаттау толық аяқталған болып саналады, егер осы тарауда бекітілген сертификаттау рәсімдері аяқталса, қандай да бір қатысушы мемлекеттің сертификаттау инспекциясы құқығын

қолданатынына қарамастан тек бір шартпен ғана, егер әлдебір қатысушы мемлекет өзге қатысушы мемлекеттерге сертификаттау және қайта классификациялауға қатысты түсініспеушілік байқалса, мұндай қайта классификациялау түсініспеушілік мәселесі шешілгенге дейін аяқталған болып саналмайды.

Активті және пассивті құрылымдардың бір мәтінде болуы көптеген жағдайларда дипломатиялық құжаттың бір түрі болып есептеледі, мәселен халықаралық келісімшарттарда пассивті құрылымдар декларациялардан қарағанда көбірек кездеседі:

5) Нобайлы шарттардағы (рамочный договор) синтаксистік өрісі бар құрылымдар

...Each State Party shall provide annually to all other States Parties, coincident with the annual exchange of information provided pursuant to Section VII, paragraph 1, subparagraph (B), of this Protocol, information about the locations... Әрбір қатысушы мемлекет өзге қатысушы мемлекеттерге осы Хаттаманың 1-тармағындағы 7 бөліміне сәйкес орналасқан орны бойынша ақпаратты жыл сайынғы ақпарат алмасумен қатар жіберіп отыруы қажет.

6) Логикалық сөйлемдерді қалыптастыратын сөйлемдер тізбегі:

...All battle tanks, armoured combat vehicles...shall be subject to the numerical limitations...with the exception of those which... (G) Are in transit through the area of application from a location outside the area of application to a final destination outside the area of application, and are in the area of application for no longer than a total of seven days... Барлық әскери танктер әскери брондалған көліктер саны жағынан шектеулі, тек келесі жағдайда ғана шектеу жоқ:

(G) транзит пен белгіленген аудан арқылы, белгіленген ауданнан ашақ жатқан бөлімшеден, белгіленген ауданнан ашақ жатқан соңғы бөлімшеге және белгіленген ауданда жалпы жеті күннен көп емес уақытқа орналасқан аймақта...

Стандартты құрылымдар (дискурсты формуланы қолдану арқылы аударылады), мынадай көмекші сөздермен қолданылады: *for the purpose of* – белгілі бір мақсатпен, *in case of* – егер...жағдайда, *in accordance with* – сәйкес, *on the authority of* – негізінде, *in the light of* – қазіргі кезде және т.б.

... Affirming their commitment to continue the conventional arms control process...for European stability and security in the light of political development in Europe... Each State Party shall carry out the obligations set forth in this Treaty in accordance with its provisions including... Өзінің қарулы күштерге бақылау үдерісінің бұлжымастығын растай отыра, Еуропадағы қазіргі кездегі саяси жағдайда қауіпсіздік пен еуропалық тұрақсыздық саласындағы ... әрбір қатысушы мемлекет Осы келісімшартта бекітілген және оның ережелеріне сәйкес, міндеттерді орындайды.

Біз мысал келтірген синтаксистік құрылымдар тізімі толық болып есептелінбейді және қолданыста кең тараған синтаксистік орамдар болып табылады. Дипломатиялық құжаттардың синтаксистік ерекшеліктеріне конверсиялауды да жатқызуға болады: *a task – to task, a terrorist – terrorist (adj), a note – to note, a request – to request* және т.б.

Сонымен қатар, дипломатиялық стильде *мерзім* секілді күрделі синтаксистік құрылымды да кездестіруге болады. Берілген синтаксистік ерекшелікті мына төмендегі мысалдан көре аламыз (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Қарарындағы Преамбула):

– Мерзімнің нақты құрылымы: мәтінді жасаушы, құжатты жасаудағы мақсат, ұйым мүшелерінің мақсаты немесе қабылданған шешім, құжатты жасаудағы қарарлы-директивті заңдық тұжырымдама.

– нақты саяси және заңдық тұжырымдама, мазмұндаудың салтанатты-публицистикалық үндестігі.

The Security Council, Reiterating its calls for the strict respect of the sovereignty, territorial integrity, unity and political independence of Lebanon under the sole and exclusive authority of the Government of Lebanon, Endorsing the Secretary-General's opinion, as expressed in his letter of 24 March 2005, Mindful of the unanimous demand of the Lebanese people that those responsible be identified and held accountable.... Welcoming the Lebanese Government's approval of the decision to be taken by Security Council..., 1. Decides...

Қауіпсіздік Кеңесі Ливанның суверенитетін территориялық тұтастығы, бірлігі мен саяси тәуелсіздігін Ливан үкіметінің дара және айрықша билігін құрметтеуді қатаң түрде сақтауға шақырады...Бас хатшының 2005 жылғы 24 наурызда баяндаған хатындағы пікірін мақұлдайды...Ливан халқының мақұлдаған талабын бірауыздан назарға ала отыра, айыптыларды тауып және оларды жауапқа тартады...Ливан үкіметінің мақұлдаған шешімін құптай отыра...Қауіпсіздік Кеңесімен қабылданған болу керек...

1.Қаулы етіледі...

[UN Security Council Resolution 1595(2005) – БҰҰ түпнұсқасы мен ресми аудармасы, 2005]

Дипломатиялық құжаттарға мынадай редупликациялар (күрделенулер) тән: law and order, deleted and replaced, to protect and assist және т.б.; тавтология да жиі кездеседі (мысалы, sole and exclusive authority).

Жалпы жоғарыда аталып өткен синтаксистік құрылымдар негізгі ойдың нақты жеткізілуін және дипломатиялық мәтінді бағыттаушының ойы мен мақсатына баса назар аударып, сөйлемдердің бір-бірімен өзара байланысын толыққанды құжат көрінісіндегі тұтастығын сақтайды.

Дипломатиялық стиль әдетте 40-50 сөзден құралған сөйлемдерден тұрады, тараулардан құралса 100-200 сөз немесе одан да көп. Мысалы жоғарыдағы мәтінде көрсетілген Преамбулада (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Қарары) бір сөйлемнен тұрса да 840 сөз бар, оның ішінде 2/3 – атауыш сөз таптары (атаушы)

Мысал ретінде екі түрлі сөйлемді бөліп қарастыруға болады:

– кең тараған екіқұрылымды жай сөйлемдер (әсіресе Хаттама, халықаралық шарттар мен келісімдерде кездеседі):

This Protocol supplements the United Nations Convention against Transnational Organized Crime. It shall be interpreted together with the Convention.

Осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясын толықтырады. Ол Конвенциямен қосы түсіндіріледі.

[Protocol to Prevent, Suppress and Punish Trafficking in Persons, Especially Women and Children, Supplementing the United Nations Convention against Transnational Organized Crime-БҰҰ түпнұсқасы мен ресми аударма, 2000]

– бірнеше бағыныңқы күрделі сөйлемдер:

In order to facilitate the return of a victim of trafficking who is without proper documentation, the State Party of which that person is a national or in which he or she had the right of permanent residence at the time of entry into the territory of the receiving State Party shall agree to issue, at the request of the receiving State Party, such travel documents or other authorization as may be necessary to enable the person to travel to and re-enter its territory.

Құл саудасы құрбандарын қайтаруға жәрдем көрсету мақсатында қажетті құжаттары жоқ, қатысушы мемлекеттің азаматы болатын немесе қабылдаушы қатысушы мемлекет территориясында тұрақты өмір сүруге құқығы болған мемлекет қабылдап жатқан қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша кіру мен шығуға немесе өзге де қажетті территорияға қайтаратын рұқсат құжаттарды беруге келіседі.

Осы Хаттамадағы шаралар құл саудасы құрбандарына айналған тұлғалардың дискриминацияға ұшырамайтындай жағдайға сәйкес түсіндіріледі және қолданылады.

[Protocol to Prevent, Suppress and Punish Trafficking in Persons, Especially Women and Children, Supplementing the United Nations Convention against Transnational Organized Crime-БҰҰ түпнұсқасы мен ресми аударма, 2000]

Дипломатиялық дискурстың жасандалық гипотезасына сәйкес дипломатиялық қарым-қатынастың эзотериясында дипломатиялық құжаттың синтаксистік эксплициттілік және имплициттілік деп қарастыру керек. Дипломатиялық дискурстың эксплицитті формасына тіл элементтерінің арнайы құралдар арқылы жеткізілген тек сол жанрға ғана қатысты мақсаты жатады. Егер коммуникациялық мақсат имплицитті түрде болса, онда қарым-қатынас субъектілерінің пікірі, айтылымның жалпы жағдаяты, аялық білімі көрініс табады.

Эксплицитті және имплицитті мақсатты анықтау үшін эксплицитті және имплицитті байланыстардың түрін зертеу қажет. Эксплицитті байланыстарды былай жіктеуге болады: рекурентті координатты (бағыт-бағдарлы), инцидентті (қақтығысты) [Каменская 1990:59].

Рекурентті синтаксистік байланыстарды қарапайым байланыс деп есептеуге болады: бұл тұста толық және толық емес рекурренция жөнінде тоқтала кету керек.

Толық рекурренция кезінде екі байланыстырушы элемент те бірдей бірліктерден тұрады, олар сөз формасы арқылы ерекшеленеді (дипломатия-дипломатиялар) толық емес формада екі бірлік те бір түбірлі морфемадан тұрады, бірақ әр түрлі сөз болып табылады (дипломатия-дипломат-дипломатиялық). Координатты байланыстар арнайы сөз тіркестері немесе ораналасқан аймақты көрсететін сөйлемдер (сурет, бағандар, графикалық бейнелер): жоғарыға қараңыз, параграфқа қараңыз, мақаланы қараңыз, төмендегіге қараңыз және т.б.

Инцидентті байланыстар құрамы жағынан лексикалық әр түрлі болып келеді: (юнктивтер мен проформалар) [Каменская 1990:59]

Юнктивтер сөздерді сөйлем ішінде байланыстырады, күрделі сөйлемдер мен толық сөйлемдер (себепті тәуелділік, уақытты қарым-қатынастар, мүмкіндік және т.б.) Юнкцияның келесідей түрлері бар:

- конъюнкция: and, besides, as well as
- дизъюнкция (объектінің бірін таңдау): or, either,...or
- контраюнкция (екі жағдаяттың бір-біріне қарама-қайшылығы): but, although, on the contrary;
- субординация (бір жағдайдың екіншісіне тәуелділігі): because, whereas, when.

Проформалар мазмұны қарапайым, құрамды компоненттерден тұратын лексикалық бірліктер, синтаксистік құрылымның бір түрі. Проформа бөлек бірлік ретінде де, сөйлем ретінде де қолданылады.

The new proposal... has been considered as an improvement on past practice though still judged insufficient by some Partners. It should be evaluated over the next year.

Жаңа ұсыныс алдыңғы тәжірибемен салыстырғанда ілгерілеушіліктің бар екенін мойындады, алайда кейбір серіктестер оны жеткіліксіз деп таныды. Бұл мәселе келесі жылдың ағымында қарастырылатын болады.

[Global Partnership against the Spread of Weapons and Materials of Mass Destruction – «Үлкен Сегіздік» Самитінің құжаты, Эвион, Франция, 2003]

Мысалдағы үзіндіде проформа бөлек лексикалық бірлік ретінде берілген.

Имплицитті синтаксистік байланыстар, мәтінді қысқартушы құралдар рөлін атқарып, анық байқалатын коннекторлары болмайды. Осы тұста грамматикалық (эллипсис, бір немесе бірнеше сөйлемдерде компоненттердің болмауы) және семантикалық (қажетті ақпаратты қамтитын эксплицитті белгілері сөйлемде жоқ) имплициттілік деп қарастыру керек.

Эллиптистік және семантикалық имплицитті байланыстар дипломатиялық мәтінде болады, алайда ресми тұлғалардың мәтіндерінде, сыртқы саяси қызметке байланысты сұхбаттарда көбірек кездеседі, мемлекетаралық құжаттардан сирек кездестіруге болады. Біздің ойымызша, семантикалық имплицитті байланыстар дипломатиялық қарым-қатынастың эзотериялылығы.

АҚШ Қауіпсіздік Хатшысы Р.Гейтстің мәтіндегі мәтініндегі үзіндісінен мынадай семантикалық имплицитті байланысты мысалға келтіруге болады: An Alliance...should be able to generate the manpower and materiel needed to get the job done in Afghanistan – a mission in which there is virtually no dispute over its justness, necessity, or international legitimacy. Our failure to do so would be a mark of shame [Robert M.Gates, Secretary of Defense, USA – Speech at the 43rd Munich Conference on Security Policy 11/02/2007].

Жоғарыдағы мысалда неліктен Ауғанстандағы НАТО миссиясының қажеттілігі мен негізділігі күмән тудырмайтындығы айтылмаған, тек кейбір адамгершілік міндеткерлік айтылып кетеді, мұндай амалдың астарында өзге мақсат жатуы да мүмкін.

Семантикалық байланыстар тезаурусты және транзитті болып бөлінеді [Каменская 1990:75]. Транзитті байланыс – байланыстың ең бір күрделі түрі, қосымша ақпарат

көздерінің көмегіне мұқтаж. (мысалы, белгісіз бірлікті сөздіктен іздеу). Тезаурусты байланыстар тұлғаның санасындағы белгілі бір жүйеге негізделген, егер тезаурусты сәйкес элемент болмаса, коммуникант қосымша ақпарат көздеріне жүгінеді:

«Никей: сіздің қарқындап дамып жатқан азиялық аймаққа және алты жақты топ аясына қатысты жоспарларыңыз қандай? Алты жақты ынтымақтастықтың мүмкіндігін пайдалы тәсіл ретінде неге пайдаланбасқа?

В.Путин: Өтініш, қай алты жақты ынтымақтастықты нақты айтып отырғаныңызды білсем бола ма?

Никей: Мәселе Солтүстік Корея жайлы корей мәселесін шешудегі алтыжақты келісімдер. Ресей осы келіссөздердің қатысушысы және мақсаты Солтүстік Кореяның мәселесін шешу болып табылады.» [«Сегіздік тобы» мемлекеті мүшелерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілеріне берген В.В.Путиннің берген сұхбаты, 4 маусым 2007 жыл – Ресей Президенті сайтындағы түпнұсқа және ресми аударма]

Берілген үзіндіде аударманың гипероним стратегиясы арқылы қолданылған: the possibilities investment cooperation offers - алтыжақты ынтымақтастықтың мүмкіндігі.

Имплицитті ақпараттың дискурста ықпалы Ю.К. Пирогованың теориясында анық айтылады [Пирогова 2001:211]:

- имплицитті ақпарат адресатпен табылмайды және ақпаратты өңдеу мақсатында түрлі аналитикалық рәсімдерді талап етеді, адресат қандай да бір баға беруге, сынауға, күмән келтіруге бейім болмайды.

- Имплицитті ақпараттың күрделілігі – оның анықталуы, адресат өз бетінше ақпаратты хабарламаны аударғанда анықтайды, дайын күйде берілмеген, астарлы жатқан мақсатқа жауапқа тарту қиын.

Келесі үзіндіден мысал келтірейік:

«Let us not be hypocritical about democratic freedoms and human » rights. I already said that I have a copy of Amnesty International's report including on the United States. There is probably no need to repeat this so as not to offend anyone.

Демократиялық бостандық пен адам құқықтарына қатысты екіжүзділік танытпайық. Менде Америка Құрама Штаттарға да қатысты «Халықаралық Амнистия» баяндамасының жатқанын айтқан болатынмын. Ешкімді ренжітпес үшін қайталаудың қажеті жоқ шығар» [[«Сегіздік тобы» мемлекеті мүшелерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілеріне берген В.В.Путиннің берген сұхбаты, 4 маусым 2007 жыл –Ресей Президенті сайтындағы түпнұсқа және ресми аударма].

Берілген үзіндідегі синтаксистік байланысты имплицитті семантикалық деп сипаттауға болады. Мысалдағы баяндамашы неліктен «қайталап айту», біреуді «ренжітетіндігін» біз біле алмадық.

Имплицитті байланыстардың дипломатиялық құжаттарда қолданылуы дипломатиялық коммуникацияның эзотериясы теориясын растайды. Жоғарыдағы мысалда «айтқан болатынмын» және «халықаралық амнистия» баяндамасы дипломатиялық дискурстың мәтінаралық нарративтің айқын мысалы бола алады.

Осылайша, дипломатиялық мәтіннің синтаксистің моделі алуан түрлі, олар жасырын құрылымды, көпдеңгейлі ұйым, стандарттау мен синтаксистік құралдардың қайталануы эксплицитті және имплицитті жеткізу амалы бар қарым-қатынастық сипатта болуы. Көп жағдайда дипломатиялық құжаттарды ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда әркез қазақ тілінің синтаксистік құрылымын бұзбай түпнұсқалық аударма жасау мүмкін бола бермейді, сондықтан дипломатиялық нарративтің бірізділігін сақтай алмай, мәтінді қайталап қарастырып аударарды.

Дипломатиялық құжаттарды аударуда аудармашы келесідей аспектілерді сақтау керек: шетелдік жалқы есімдерде транскрипциялау, валюта атауы, мемлекеттерге қатысты жекелей ақпаратты экстралингвистикалық тұрғыдан талдау, түрлі құжаттарға қатысты дискурсты формула (мысалы, преамбулалар мен жобаның қарарлы бөлігі) рәсімдеуге қатысты

терминология, қол қобды рәсімдеу, алғысөз, ескертпе, түсіндірмелер. Аталған аспектілер әлбетте аудармашы үшін қызығушылық туғызады және бөлек зерттеу тақырыбы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева, И.С. Введение в переводоведение [Мәтін]: учеб, пособие для вузов / И.С. Алексеева. – М.: Академия, 2004. – 352 с.
2. Борисова, И.Н. Дискурсивные стратегии в разговорном диалоге [Мәтін] / И.Н. Борисова // Русская разговорная речь как явление городской культуры. Екатеринбург, 1996. – С.21-48
3. Дейк, Т. А. ван, Кинч, В. Стратегии понимания связного текста [Мәтін]/ Т.А. ван Дейк, В. Кинч // Новое в зарубежной лингвистике. – Когнитивные аспекты языка. – М.: Прогресс, 1988. – 231 с.

УДК 81'1-027.21

КИНОМӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аярбекова Талшын

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қызырова Ә.М.

Өмірлік тәжірибе сияқты, киномәтін бізге сезімдік-эмоционалды, рационалды және интуитивтік, яғни түсінік деңгейінде әсер етеді. Киномәтіннің ғажайыбы сол, қарапайым танымдық суреттер арқылы белгілі бір мәтін пайда болып, содан біздің қабылдауымыз қалыптасады. Бұндай барлық визуалды хабарламалардың құрушысы қолданушыға тек хабарламаны беріп қана қоймай, сондай-ақ оны оқудың ережесін де ұсынады. Визуалды медиа мәтіннің ақпараттық қанықтығы- жіберілетін адамның ұсыныстары мен күтілетін дүниелерінің белгілі бір интерсубъективтік жинағы арқылы қалыптасатын автор белсенділігі, қолданушы мен шынайы мәдени контексттің белсенділігі ретіндегі вектор- лық соммасы сияқты құрылады.

«Киномәтін» термині әдебиетте жиі кездесіп жатады. Кино өнері туралы, сондай-ақ мәтін туралы да шығармаларды Юрий Михайлович Лотман, Юрий Цивьян, Елена Борисовна Иванова жазған. 2004 жылы Геннадий Геннадьевич Слышкин мен Марина Алексеевна Ефремова киномәтінді игеруге арналған кітап шығарған.

Киномәтін тақырыбы жайлы көптеген материалдарды қорытындылай келе, біз кино зерттеушісі ежелгісі кинофильмді семиотика тұрғысынан зерттеген Юрий Михайлович Лотманға тиесілі деген шешімге келген. Ол киномәтінді бір уақытта белгілерден құралған дискретті мәтін ретінде және мағынасы мәтінге тәуелсіз болатын дискретті емес мәтін ретінде қарастырылады деп болжаған. Одан бөлек, Ю.М.Лотман кадр және кино фраза

Отандық медиапедагогиканың негізін қалаушы Ю.Н.Усовтың анықтамасы бойынша, киномәтін дыбыстық бейнелердің динамикалық құрылымы немесе кеңістіктік- уақыттық өлшемдері бар экрандық шарттары болатын пластикалық түрі және аудиовизуалды құралдармен суретшінің әлем және өзі туралы ойының бірізділігін береді сияқты киномәтін компоненттерін бөлген. Ю.М.Лотман бойынша, кадр деген кино тілінің басты ұғымы. Сондай-ақ, оған мынадай әртүрліленген анықтама берген: «монтаждың минималды бірлігі», «кино хабарлау композициясының басты бірлігі», «кадр ішілік элементтерінің бірлігі», «кино ұғымының бірлігі». Бұл жағдайда, кадр сөзбен және аналогиялық тұрғыда теңдестіріліп, кино тілі ұғымының басты тасымалдаушысы есептелген.

Киномәтін туралы ұқсас тәсілдемені Ю.Г.Цивьян баяндаған. Ол өзінің «Экранмен диалог» монографиясында белгілі бір жуықтау кезінде кез-келген фильмді үздіксіз мәтін бөліктерінің дискретті бірізділігі деп қарастырылады деген қорытындыға келеді. Бұл